"Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған салалық бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1399 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 871 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 маусымдағы № 666 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.06.2014 № 666 қаулысымен.

«Мемлекет басшысының 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік – экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 30 қаңтардағы № 261 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған салалық бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1399 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған салалық бағдарламасында:

«Бағдарламаның паспорты» деген 1-бөлімде:

«Қаржыландыру көздері мен көлемі» деген кіші бөлімде:

«Бағдарламаны 2011 – 2015 жылдары іске асыруға барлығы 108 111849,1 мың теңге:

республикалық бюджеттен 97 459 911,1 мың теңге: соның ішінде 2011 ж. – 13 246 100,0 мың теңге; 2012 ж. – 22 444 594,0 мың теңге; 2013 ж. – 32 650 219,0 мың теңге; 2014 ж. – 29 118 998,1 мың теңге;» деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«Бағдарламаны 2011 – 2015 жылдары іске асыруға барлығы 113 846 068,0 мың теңге:

республикалық бюджеттен 103 194 130,0 мың теңге: соның ішінде 2011 ж. – 13 246 100,0 мың теңге; 2012 ж. – 25 713 147,0 мың теңге; 2013 ж. – 33 874 009,0 мың теңге; 2014 ж. – 30 360 874,0 мың теңге;»;

«Қажетті ресурстар» деген 6-бөлімде:

екінші бөліктің бірінші және екінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

«Бағдарламаны 2011 – 2015 жылдары іске асыруға барлығы 113 846 068,0 мың теңге талап етіледі:

республикалық бюджеттен 103 194 130,0 мың теңге: соның ішінде 2011 ж. – 13 246 100,0 мың теңге; 2012 ж. – 25 713 147,0 мың теңге; 2013 ж. – 33 874 009,0 мың теңге; 2014 ж.– 30 360 874,0 мың теңге».

көрсетілген Бағдарламаның 1-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын:

көрсетілген Бағдарламаның 3-қосымшасында:

реттік нөмірі 5-жол мынадай редакцияда жазылсын:

« 5.

| № | Қажетті ресурстар | |
|---|---|---|
| | Ресурстардың сипаттамасы | Көздері |
| 1 | Бағдарламаны 2011 - 2015 жылдары іске асыруға барлығы 113 846 068,0 мың теңге талап етіледі | Республикалық бюджет:<br>2011 ж. – 13 246 100,0 мың теңге<br>2012 ж. – 25 713 147,0 мың теңге<br>2013 ж. – 33 874 009,0 мың теңге<br>2014 ж. – 30 360 874,0 мың теңге<br>Жергілікті бюджет:<br>2011 ж. – 2854744,0 мың теңге<br>2012 ж. – 2505941,0 мың теңге<br>2013 ж. – 2683789,0 мың теңге<br>2014 ж. – 2607464,0 мың теңге |

» .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 29 маусымдағы
№ 871 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасында
дене шынықтыру мен спортты дамытудың
2011 - 2015 жылдарға арналған бағдарламасына
1-қосымша

## 7. Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған салалық бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

| Р/с № | Іс-шаралар | Аяқталу нысаны | Жауапты орындаушылар | Орындау мерзімі | Болжанатын шығыстар (мың теңге) | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | 2011 | 2012 | 2013 | 201 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 1. Саламатты өмір салтын қалыптастыру | | | | | | | | |
| 1 | Спортты насихаттау бойынша республикалық және өңірлік (облыстық, қалалық) медиа-жоспарлар әзірлеу | Бірлескен бұйрық | СДШІА, МАМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | 2012 жыл | Талап етілмейді | | | |
| 2 | Астана және Алматы қалаларында 2011 жылғы 7-ші Азия ойындарын өткізу үшін салынған спорт объектілерінің әлеуетін бұқаралық спортты дамыту үшін пайдалану | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | СДШІА | 2012 жыл желтоқсан | Талап етілмейді | | | |
| 3 | Спорт клубтарының қызметін регламенттеу | Бұйрық | ТСМ | 2011 жыл | Талап етілмейді | | | |
| 4 | Мемлекеттік білім беру ұйымдарының спорттық ғимараттарында (залдарында, кешендерінде, алаңдарында), соның ішінде ауылдық жерлерде жергілікті бюджеттен бөлінген қаражат есебінен балалар мен ересек тұрғындар үшін дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық сабақтарды ұйымдастыру | СДШІА-іне ақпарат | Облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | жылына 2 рет, 20 маусымға және 20 желтоқсанға қарай | Талап етілмейді | | | |
| 5 | Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, хлықтың, оның ішінде білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің спорт ғимараттарына қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қабылдау | СДШІА-іне ақпарат | Облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | жылына 2 рет, 20 маусымға және 20 желтоқсанға қарай | Талап етілмейді | | | |
| | Жергілікті атқарушы органдардың | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 6 | стратегиялық жоспарларының «дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтарды қамту» нысаналық индикаторларына сәйкес дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтарды көбейтуді қамтамасыз ету | СДШІА-іне ақпарат | Облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | жылына 2 рет, 20 маусымға және 20 желтоқсанға қарай | Талап етілмейді | | | |
| 7 | Білім беру ұйымдарының қарамағындағы дене шынықтыру және спорттық мақсаттағы объектілерде сабақтан тыс уақытта дене шынықтыру-сауықтыру және спорт сабақтарын өткізу қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету | СДШІА-іне ақпарат | Облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | жылына 2 рет, 20 маусымға және 20 желтоқсанға қарай | Талап етілмейді | | | |
| 2. Бұқаралық спортты және жоғары жетістіктер спортын дамыту | | | | | | | | |
| 8 | БЖСМ, спорт клубтары желісін 7 бірлікке ұлғайту | СДШІА-іне ақпарат | Алматы, Ақтөбе, Қостанай, Павлодар, Қызылорда, Маңғыстау, С Қ О облыстарының әкімдері | Жыл сайын, желтоқсан | 1774471 | 1309995 | 1380499 | 145 |
| 9 | 3 өңірлік спорттық-бұқаралық жұмыс орталығын ( клубын) құру | СДШІА-іне ақпарат | Ақтөбе, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау облыстарының әкімдері | 2012-2015 жылдар желтоқсан | 131808 | 141049 | 200948 | 161 |
| 10 | «Мүгедектер спорты бойынша республикалық орталық» РМҚК құру | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы | СДШІА | 2014 жылғы желтоқсан | | | | 129 |
| 11 | Балаларға, жасөспірімдерге және жастарға арналған спорт түрлерінен қол жетімді спорттық секциялар мен | СДШІА-іне ақпарат | Ақтөбе, Қостанай, Павлодар, | Жыл сайын, желтоқсан | 15389 | 26843 | 26397 | 361 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | клубтар желісін, соның ішінде ауылдық жерде 5 бірлікке ұлғайту | | Маңғыстау, облыстарының әкімдері | | | | | |
| 12 | қысқы спорт түрлері бойынша 3 бөлімше және клуб ашу | СДШІА-іне ақпарат | Қостанай, Ақмола, Павлодар, облыстарының әкімдері | 2012-2013 жылдар | 500 | 1000 | 46251 | 658 |
| 13 | 626 мектепке дейінгі мекемелерді, жалпы білім беру мектептерін, лицейлер мен колледждерді заманауи спорттық жабдықтармен және мүкәммалмен, соның ішінде ауылдық жерде қамтамасыз ету | СДШІА-іне ақпарат | Ақтөбе, СҚО, Павлодар, Ақмола облыстарының әкімдері | Жыл сайын, желтоқсан | 127173 | 157376 | 173795 | 174 |
| 14 | 72 білім беру ұйымында шаңғы базаларын қайта қалпына келтіру | СДШІА-іне ақпарат | Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері | Жыл сайын, желтоқсан | 28675 | 15000 | | 25 |
| 15 | Техникалық және кәсіптік білім беруде оқитындар үшін - "Жас сұңқар" (клубы);- жоғары оқу орындарының студенттері үшін - "Сұңқар"; - ауыл тұрғындары үшін - "Ел Қайраты" спорттық қоғамдарының жұмысын жалғастыру | СДШІА-іне ақпарат | БҒМ, АШМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | Жыл сайын, желтоқсан | Талап етілмейді | | | |
| 16 | Оқу орындарының спорттық объектілерін сабақтан тыс және кешкі уақытта тұрғындар арасында спорттық іс-шаралар (секциялар, денсаулық топтары және басқалары) өткізу үшін пайдалану жөнінде шаралар қабылдау | СДШІА-іне ақпарат | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, БҒМ | 2012 жылғы желтоқсан | Талап етілмейді | | | |
| 17 | Президенттік тестілерді тапсыру жолымен 24 және одан жоғары жас шамасындағы халықтың физикалық дайындығын жыл сайын тестілеуді ұйымдастыруды қамтамасыз ету | СДШІА-іне ақпарат | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | Жыл сайын, желтоқсан | Талап етілмейді | | | |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 18 | Қысқы спорт түрлерінен 80 спорттық іс-шара өткізу | СДШІА-іне ақпарат | Ақмола, СҚО, Қостанай, Павлодар облыстарының әкімдері | Жыл сайын, желтоқсан | 31 348 | 33 359 | 35 890 | 37 |
| 19 | Мүгедектер спортты және ұлттық, бұқаралық спорт түрлері бойынша 21 кешенді іс-шаралар өткізу | | СДШІА, Ақмола, СҚО, Павлодар облыстарының әкімдері | Жыл сайын, желтоқсан | 111 331,0<br>28 354,4 | 69 489,0<br>30 472 | 21 540,0<br>32 799,4 | 23<br>34 |
| 20 | Мүгедектер спортты және ұлттық, бұқаралық спорт түрлері бойынша 354 республикалық іс-шараны дайындау мен өткізу және Халықаралық жарыстарға қатысу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | СДШІА, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | Жыл сайын, желтоқсан | 62 746,0 | 118 591,0 | 121 739,0 | 125 |
| 21 | Жылдың қорытындысы бойынша дене шынықтыру және спорт туралы үздік жарияланым үшін С. Бердіқұлов атындағы 3 сыйлықты беру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | СДШІА | Жыл сайын, желтоқсан | 247,0 | 255,0 | 273,0 | 292 |
| 22 | Жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізу үшін ұлттық құрама командалардың спортшы - мүшелерінің және спорт резервінің дайындығын қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | СДШІА, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | Жыл сайын, желтоқсан | 3 458 587,0 | 3 988 665,0 | 3 860 997,0 | 4<br>254 |
| 23 | Республикалық жоғары спорт шеберлігі мектептерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | СДШІА | Жыл сайын, желтоқсан | 364196,0 | 390 554,0 | 405 354,0 | 417 |
| 24 | Олимпиадалық даярлық орталықтарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | СДШІА | Жыл сайын, желтоқсан | 1658804,0 | 2242452,0 | 2355193,0 | 249 |
| 25 | Спортшыларға диспансерлеу өткізу, оқу-жаттығу процессін медициналық қамтамасыз ету, спорттық жарақаттанудың алдын алу, спортшыларды емдеу және қалпына келтіру, оларды дәрумендермен, медико-биологиялық және | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | СДШІА | Жыл сайын, желтоқсан | 228735,0 | 279897,0 | 244338,0 | 261 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | қалпына келтіру препараттарымен қамтамасыз ету | | | | | | | |
| 26 | Дүниежүзілік допингке қарсы агенттіктің тыйым салынған тізіміне сәйкес спортшылардың тыйым салынған кластағы заттар мен әдістерді пайдалануын анықтау мәніне допингке қарсы лабораториялық талдаулар жүргізуді қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | СДШІА | Жыл сайын, желтоқсан | 115000,0 | 129689,0 | 136067,0 | 152 |
| 27 | Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның жұмыс істеуін қамтамасыз ету " Сарыарқа" республикалық велотрек" және "Алатау" шаңғы және биатлон стадиондарының кешені" | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | СДШІА | 2011 - 2015 жылдар желтоқсан | 1392540,0 | 2140949,0 | 2175567,0 | 235 |
| 28 | Республикалық балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт мектептерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | СДШІА | Жыл сайын, желтоқсан | 80000,0 | 80000,0 | 80000,0 | 800 |
| 29 | Еңбек сіңірген спортшылар мен жаттықтырушыларға мемлекеттік әлеуметтік қолдау көрсетуді қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | СДШІА | Жыл сайын, желтоқсан | 47900,0 | 52 731,0 | 56 410,0 | 60 |
| 30 | Спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттар желісін 2 бірлікке ұлғайту | СДШІА-іне ақпарат | Ақтөбе, Маңғыстау облыстарының әкімі | 2012-2013 жылдар | | 80000 | 120000 | |
| 31 | 4 спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернатты және республикалық спорт колледжін республикалық олимпиадалық резервтің мектеп-интернат-колледжі ретінде қайта құру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету | СДШІА-іне ақпарат | СДШІА | 2012 жыл, жыл сайын, желтоқсан | 1736146,0<br>281047,0 | 1972738,0<br>343616,0 | 2206813,0<br>399753,0 | 232<br>206 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | |
| 32 | 13 ведомстволық бағыныстағы спорт ұйымының материалдық-техникалық базасын нығайту және 2 ведомстволық бағыныстағы спорт ұйымына күрделі жөндеу жүргізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | СДШІА | Жыл сайын, желтоқсан | 49100,0 | 254205,0 | 49120,0 | 504 |
| 33 | Ұлттық допингке қарсы ұйым құру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | СДШІА | 2012 жыл, жыл сайын, желтоқсан | | 56415,0 | 62 489,0 | 67 4 |
| 34 | Жоғары жетістіктер спорты бойынша кешенді іс-шаралар өткізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | СДШІА | 2011-2015 жылдар желтоқсан | 475221,0 | 470461,0 | 503393,3 | 440 |
| 35 | Саламатты өмір салтын қалыптастыру және ұлттық спорт түрлерін дамыту жөніндегі әлеуметтік маңызды жобаларды іске асыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | СДШІА | 2012-2015 жылдар желтоқсан | 28494,0 | 29 079,0 | 29 079,0 | 29 0 |
| 36 | Саламатты өмір салты және бұқаралық спорт бойынша кемінде 3 мың дене шынықтыру-бұқаралық және сауықтыру іс-шараларын жер-жерлерде өткізу | СДШІА-іне ақпарат | Ақмола, Атырау, Қостанай, Қызылорда, СҚО, Павлодар облыстарының, Алматы қаласының әкімдері, ДСМ | Жыл сайын, желтоқсан | 208084 | 152120 | 101035 | 107 |
| 37 | «Жыл спортшысы» байқауын өткізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | СДШІА | 2011-2015 жылдар желтоқсан | 4 420,0 | 3 010,0 | 3 220,7 | 3 4 |
| 38 | Спорт түрлерінен ұлттық студенттік лигалар құру мәселесін және оны әрі қарай жүзеге асыруды зерделеу | СДШІА-не ақпарат | БҒМ | 2013 жыл | Талап етілмейді | | | |
| 3. Дене шынықтыру және спорт инфрақұрылымын дамыту | | | | | | | | |
| | Балаларға (жасөспірімдерге) | Жергілікті атқарушы | Ақтөбе, Қызылорда, Солтүстік | Жыл сайын, | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 39 | арналған 5 аула клубын құру) | органдардың шешімі | Қазақстан облыстарының әкімдері | желтоқсан | 8942 | 8727 | 16174 | 158 |
| 40 | Алматы облысында республикалық олимпиадалық даярлық базасын салу | Пайдалануғ беру туралы акті | СДШІА, Алматы облысының әкімі | 2011-2014 жылдар желтоқсан | 300 000,0 | 3190853,0 | 6 802 977,0 | 6 390 |
| 41 | Ақмола облысы Щучинск қаласында республикалық шаңғы базасын салу (І және ІІ кезек) | Пайдалануға беру туралы акті | СДШІА, Алматы облысының әкімі | 2012-2013 жылдар желтоқсан | | 1 035 685,0 | 6 862 294,0 | |
| 42 | Астана қаласында « Олимпиадалық даярлау орталығы» көп функционалды спорт кешенін салу (сыртқы инженерлік желісіз) | Пайдалануға беру туралы акті | СДШІА, Астана қаласының әкімі | 2011-2014 жылдар желтоқсан | 200 000,0 | 4 108 850,0 | 7 301 288,0 | 9 166 |
| 43 | Астана қаласы Стадион көшесі № 3 мекенжайында орналасқан спорттық-сауықтыру кешенін қайта жаңарту | Пайдалануға беру туралы акті | СДШІА, Астана қаласының әкімі | 2011-2012 жылдар желтоқсан | 190619,0 | 190618,0 | | |
| 44 | Алматы қаласында « Медеу» биік таулы спорт кешенін қайта жаңарту | Пайдалануға беру туралы акті | Алматы қаласының әкімі, СДШІА | 2011-2012 жылдар желтоқсан | 442487,0 | 673987,0 | | |
| 45 | Алматы қаласында Балуан Шолақ атындағы спорт сарайын, сырғанау мұз айдынын және тұрақ сала отырып, қайта жаңарту | Пайдалануға беру туралы акті | СДШІА | 2011 жылғы желтоқсан | 1 833 530 | | | |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 46 | Алматы қаласында халықаралық шаңғы трамплиндерінің кешенін салу | Пайдалануға беру туралы акті | Алматы қаласының әкімі, СДШІА | 2011-2014 жылдар желтоқсан | 100 000,0 | 3600000,0 | 100 000,0 | 100 |
| 47 | Көкшетау қаласында шаңғы базасын салу | СДШІА-іне ақпарат | Ақмола облысының әкімі | 2012 жыл желтоқсан | | | 110 000 | |
| 48 | Спорттық инфрақұрылым саласында мемлекеттік-жеке серіктестік қағидаттарын енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | СДШІА | 2014 жылғы желтоқсан | Талап етілмейді | | | |
| 4. Кадрлық әлеуетті арттыру | | | | | | | | |
| 49 | Кәсіби жаттықтырушы-оқытушы кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | СДШІА, Ақтөбе облысының әкімі | 2012-2015 жылдар желтоқсан | 500000 | 10 866,0<br>550000 | 10 866,0<br>550000 | 10<br>550 |
| 50 | Бразилия Федеративтік Республикасының «Оле Бразил ФК» футбол академиясында спортшыларды оқыту | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | СДШІА | 2012-2015 жылдар желтоқсан | 84 950,0 | 85 238,0 | 85 238,0 | 85 |
| 51 | Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дене шынықтыру және спорт мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын қарау | Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ВАК шешімі | СДШІА, Әділетмині | 2012-2013 жылдар желтоқсан | Талап етілмейді | | | |
| 52 | Дене шынықтырумен және спортпен айналасушыларды анықтау мақсатында облыстардың, Астана және Алматы қалаларының сайтында сауалнамалар жүргізу | СДШІА-іне ақпарат | Облыстард ың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | Жыл сайын, қаңтар | Талап етілмейді | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 53 | Дене шынықтыру және спорт саласының қызметкерлеріне арналған кәсіби стандарттарды әзірлеу | Кәсіптік стандарттар | СДШІА, БҒМ | 2012-2013 жылдар | Дүниежүзілік банктің «Техникал кәсіптік білім беруді жаңғырту шеңберінде |
| | | | Республикалық бюджет | | 2011 ж. – 13<br>2012 ж. – 25<br>2013 ж. – 33<br>2014 ж. – 30 360 874,0 мың теңге |
| | | | Жергілікті бюджет | | 2011 ж. - 2<br>2012 ж. - 2<br>2013 ж. - 2<br>2014 ж. - 2 607 464 мың теңге |

Ескертпе:

* Бағдарламаны іске асыруға қажетті бюджеттік қаражат көлемі тиісті жылға арналған республикалық және жергілікті бюджетті бекіту кезінде нақтыланатын болады.

**аббревиатуралардың толық жазылуы:**

СДШІА - Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі

МАМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

ТСМ - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі

СДБАМИ - спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернат

БЖСМ - балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі

БАҚ - бұқаралық ақпарат құралдары

СҚО - Солтүстік Қазақстан облысы

РМҚК – республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын

ВАК – ведомствоаралық комиссия

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК